

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 182 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласының әкіміне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің объектілерін салу үшін Есіл өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан жер (саяжай) учаскелерін алуға (сатып алуға) байланысты шығыстарға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 108343500 (бір жүз сегіз миллион үш жүз қырық үш мың бес жүз) теңге бөлінсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1220 қаулысымен.

2. Астана қаласының әкімі 2005 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер (саяжай) учаскелерін алуды (сатып алуды) жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі